

ІС-ШАРА (НАУҚАН) ҚАҒИДАЛАРЫ

1. Жалпы ережелер

1.1. Ынталандырушы іс –шара (бұдан әрі - Науқан) сатуды ынталандыру және брендке ниеттестікті арттыру шеңберінде өткізіледі, назар аудартуға, қызығушылықты қалыптастыруға немесе қолдауға және оны нарықта ілгерілетуге бағытталған.

1.2. Іс-шара (науқан) барлық А-store желісінің сауда нүктелерінде өткізіледі

1.3. Іс-шара (науқан) Қазақстан Республикасының «Ойын бизнесі туралы» Заңының талаптарына сәйкес ынталандырушы лотерея, бәс тесу, тотализатор, құмар ойын немесе тәуекелге негізделген өзге де ойын болып табылмайды.

1.4. Іс-шараны (науқанды) ұйымдастырушы жарнамалық сипаттағы ынталандыру іс-шарасы үшін белгіленген қағидалар бойынша өткізеді, осы іс-шараға (науқанға) қатысу туралы ұсыныс осы қағидалардың талаптарын орындаған адамдардың шектеусіз тобына арналған.

1.5. Іс-шара (науқан) туралы хабарландыру интернет желісінде <http://a-store.kz> / сайтында орналастырылады (бұдан әрі – «Сайт»), онда осы іс-шара (науқан) туралы ақпаратпен, осы қағидалармен танысуға болады.

1.6. Іс-шараға (науқанға) қатысуға ниет білдірген тұлғалар (бұдан әрі – «Қатысушылар») іс-шараға (науқанға) қатысуға байланысты барлық іс-әрекеттерді осы қағидаларда белгіленген тәртіппен, шарттармен, жерде және мерзімдерде орындауға міндетті. Іс-шараға (науқанға) қатысу қатысушылардың осы қағидалармен толық келісетінін білдіреді.

1.7. Іс-шараға (науқанға) іс-әрекетке қабілетті жеке тұлғалар – 18 (он сегіз) жасқа толған, ҚР аумағында тұратын ҚР азаматтары ғана қатыса алады.

2. Іс-шараны (науқанды) өткізу мерзімі

2.1. Іс-шараның (науқанның) басталуы 25.07.2022 жыл, 09: 00 (Нұр-Сұлтан қаласының уақытымен)

2.2. Іс-шараның (науқанның) аяқталуы 08.08.2022 жыл, 23:59 (Нұр-Сұлтан қаласының уақытымен)

3. Бонустарды есептеу шарттары

3.1. А-store бонустық картасының бейілділік бағдарламасының бонустарын есептеу қағидаларының 3-тармағына сәйкес науқан бойынша бонустарды есептеу шарттары http://a-store.kz/docs/polnye_pravila_programmy.pdf

4. Қосымша шарттар

4.1 Қатысушының іс-шараға (науқанға) қатысу дерегі оның осы қағидалармен танысқанын және осы қағидаларға сәйкес іс-шараға (науқанға) қатысуға келісімін білдіреді.

4.2. Ұйымдастырушы іс-шараға (науқанға) қатысатын тұлғалармен жазбаша келіссөздер, не өзге де байланыстар жасамайды.

4.3. Ұйымдастырушы, сондай-ақ ұйымдастырушы іс-шараны (науқанды) ұйымдастыруға және өткізуге уәкілеттік берген тұлғалар: дүлей зілзала, өрт, су тасқыны, кез келген сипаттағы әскери іс-қимылдар, блокада, заңнамадағы елеулі өзгерістер, ұйымдастырушы тарапынан бақылауға бағынбайтын басқа да форс-мажорлық мән-жайлар жағдайларында, егер осы мән-жайлар осындай міндеттемелерді орындауға кедергі келтіретін болса, өз міндеттемелерін орындамағаны үшін жауапты болмайды;

4.4. Осы қағидаларда қолданылатын терминдер тек қана осы іс-шараға (науқанға) қатысты.

4.5. Осы іс-шараны (науқанды) өткізу шеңберінде туындаған барлық дауларды ұйымдастырушы мен қатысушылар келіссөздер жолымен шешуге тиіс. Егер жағдайды реттеу мүмкін болмаса, дау ұйымдастырушының орналасқан жері бойынша қаралады (шарттық соттылық). Қатысушылар іс-шараға (науқанға) қатысу арқылы шарттық соттылыққа келісімін білдіреді.

4.6. Іс-шараға (науқанға) қатыса отырып, қатысушы ұйымдастырушының оның дербес деректерін өңдеуіне, сондай-ақ іс-шараны (науқанды) тікелей іске асыруды, оның ішінде деректерді трансшекаралық жіберуді жүзеге асыратын үшінші тұлғаларға оның дербес деректерін беруге өз келісімін береді.

4.7. Осы іс-шараны (науқанды) өткізу шеңберінде туындаған барлық дауларды ұйымдастырушы мен қатысушылар келіссөздер жолымен шешуге тиіс. Егер жағдайды реттеу мүмкін болмаса, дау ұйымдастырушының орналасқан жері бойынша қаралады (шарттық соттылық). Қатысушылар іс-шараға (науқанға) қатысу арқылы шарттық соттылыққа келісімін білдіреді.

4.8. Ұйымдастырушы қатысушымен байланысты материалдарды БАҚ-та, сайтта, интернет желісінде орналастырар алдында оларды қатысушымен алдын ала келіспей түзету құқығын өзіне қалдырады.

4.9. Науқанды ұйымдастырушының өз қалауы бойынша қатысушыларға себептерін түсіндірместен және олармен хат жазыспай, науқанға қатысушылардың кез келген әрекеттерін жарамсыз деп тануға, сондай-ақ науқанға одан әрі қатысуға тыйым салуға, ұйымдастырушының қатысушының деректерді қолдан жасайды немесе кез-келген деректерді қолдан жасаудан пайда табады деген негізделген күдіктері болған кез келген тұлғаға жүлдені беруден бас тартуға құқығы бар.

4.10. Қатысушы өзінің дербес деректерін өңдеуге, жинауға, жүйелеуге, жинақтауға, сақтауға, нақтылауға, алуға, пайдалануға, таратуға, иесіздендіруге, бұғаттауға, жоюға, трансшекаралық беруге келісім береді.

4.11. Науқанға қатыса отырып, қатысушылар науқанды өткізу мақсаттары үшін өздері ерікті түрде ұсынған дербес деректерді ұйымдастырушы, тапсырыс беруші және науқанның техникалық серіктестері, сондай-ақ олар уәкілеттік берген тұлғалар деректерді өңдеудің автоматтандырылған құралдарын қолдана отырып өңдейтініне науқанды ұйымдастырушыға, тапсырыс берушіге және техникалық серіктестерге өз келісімін береді.

4.12. Науқанға қатыса отырып, қатысушы нақты, өзекті (шынайы) дербес деректерді, оларға тиесілі телефон нөмірлерін, электрондық мекен-жайды көрсетуге міндеттенеді.

4.13. Науқанға қатысушылардың дербес деректері Қазақстан Республикасы заңнамасының, атап айтқанда, ҚР 2013 жылғы 21 мамырдағы №94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) талаптарына сәйкес құпиялылық талаптарында, өңдеу/сақтау мерзімі шектелмей сақталады және өңделеді.